

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпараттық қызмет басқармасы



Ұлы Жеңіске 75 жыл

**Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, ұстаз,
ғалым Уахит Хамзаұлы Шәлекеновке құрмет**

Дайындаған: Джаманкозева А.А.






9 Мамыір

Жеңіс

Күні!

Мақсаты:

- Ардагердің Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерлігіне, білім мен ғылым саласындағы сара жолын қалыптастырған қажыры мен қайраттылығына бас иіп, құрмет көрсету;
- Жастарды Отанды сүйеге, ерлікке, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу;
- Ардагерлер ерліктеріне тағзым (Кездесу кешінен фотосуреттер);
- «Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік» атты кітап көрмесін ұйымдастыру және ардагер еңбектерін оқырмандар қауымына ұсыну.



Майдан жауынгері



Уахит Хамзаұлы Шәлекенов 1942 жылдың тамызында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Өзбекстанның Наманган қаласына Украинадан көшірілген «Харьков жаяу әскер училищесіне» курсант болып қабылданады.

1943 жылдың ақпанына дейін әскери дәріс алып, кіші лейтенант шенінде соғыс майданына жіберіледі.

1942-1943 жж. Ұлы Отан соғысының 19 жасар майдан жауынгері, 53 дала армиясы, 299 атқыштар дивизиясы, 960 атқыштар полкында взвод командирінің жәрдемшісі, кейін взвод командирі ретінде Курс-Орлов шайқасында болып, Старый Оскол, Новый Оскол, Белгород және Харьков қалаларын фашистерден азат етуге өз үлесін қосады. Бұл шайқас 1943 жылғы «**Жазғы шабуыл**» атымен танылғаны тарихтан белгілі. 1943 жылы Харьков түбіндегі шайқаста ауыр жараланып, екінші дәрежелі соғыстың мүгедегі болып, елге оралды.

1995 жылы У.Х.Шәлекеновқа майдандағы ерлігі және тылдағы көп жылдық еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен **полковник** әскери шені берілді.

«**Қызыл жұлдыз**», «**Отан соғысы**» ордендерімен, 20 медальмен марапатталған.



Ұстаздардың ұстазы, ғылым жанашыры

Уахит Хамзаұлы Шәлекенов 1924 жылы 12 мамырда Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Бөрлі ауылында қарапайым отбасында дүниеге келеді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, көптеген ордендер мен төсбелгілермен марапатталған. Запастағы полковник, тарих ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Кеңес одағы (ККАССР) еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, құрметті университет кафедрасының меңгерушісі ҚР Президентінің құрмет грамотасымен, ҚазҰУ-дың күміс төсбелгісімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ғылым саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.





Уахит Шәлекенов 300-дей ғылыми жұмыс, оның ішінде 30 монографиялық еңбегі мен оқу құралын жазған. Олардың негізгі бөлігі Қазақстанда, қалған бөлігі шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған. Көптеген халықаралық және республикалық ғылыми форумдардың қатысушысы болып, Қазақстанның тарих ғылымын абыройға бөлеп келеді. Ұлағатты ғалым тоқсанның төріне шықса да, жас ғалымдардан кем түспейтін ерік-жігермен ғылым жолында еңбек етіп келеді.

<https://www.youtube.com/watch?v=DSRoL-RkAVI>

<https://www.youtube.com/watch?v=AXQOa2Q6dUM&t=278s> осы сілтеме бойынша

ақпараттармен таныса аласыздар.





**Уахит Хамзаұлы Шәлекенов – тарих
ғылымдарының докторы,
профессор, академик,
Ұлы Отан соғысы және еңбек
ардагері**

**Түрік этностарының, соның
ішінде қазақ халқының
шынайы тарихы әлі жазылған
жоқ. Олай болса, рухани
жаңғыруды өзіміздің төл
тарихымызды жазудан
бастайық. Ол ұлттық
санамызды
қалыптастырушы.**

Уахит Шәлекенов



Жеңістің рухы биік, даңқы мәңгі!

Әл-Фараби кітапханасындағы кездесу



«Соғыстан қайтқан солдаттар»

«Кітапхана ісі» мамандығының студенттерінен сахналық көрініс



«Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік»


кітап және фотосурет көрмесі



Ерлікке тағзым



Өнегелі өмірі жас ұрпаққа үлгі



- **Шәлекенов Уахит [Текст]** : өнегелі өмір / әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [бас ред. Ғ. М. Мұтанов]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2014. - 387,
- Бұл кітап Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, белгілі ұстаз, тарих ғылымдарының докторы, профессор У.Х. Шәлекеновтің 90 жылдық мерейтойына орай шығарылған.
- Кітапта ғалымның әр жылдардағы мақалаларымен қатар мұрағат құжаттары, фотосуреттері, шәкірттерінің ыстық лебізге толы естеліктері топтастырылған.
- Ұстаздарға, студенттер қауымы мен ғылыми ізденушілерге және көпшілік оқырманға арналған.



Ғалымның ғылыми еңбектері

1. **Шәлекенов, У. Х.** Құм басқан қала: монография / У. Х. Шәлекенов. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1992. - 118,[1] б.
2. **Шәлекенов, У. Х.**Әлем халықтарының этнографиясы : монография / У. Х. Шәлекенов. - Алматы : Санат, 1994. - 207,[1] б.
3. **Шәлекенов, У. Х.**Баласағұнның жұмбағы шешілді оқу құралы / У. Х. Шәлекенов, М. У. Шәлекенов; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2004. - 93,[2] б.
4. **Шәлекенов, У. Х.** V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы монография / ҚР білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Жібек жолы, 2007. - 247,[1] б.
5. **Шәлекенов-Баласағұни, У. Х.** Қазақ өркениеті монография / ҚР білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ, Ә. Х. Марғұлан атын. археология ин-ты. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2009. - 316,[1] б.
6. **Шәлекенов-Баласағұни, У. Х.** Орталық Азиядағы ариилердің өркениеті : монография / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2011. - 256,[3] б.
7. **Шәлекенов-Баласағұни, Уахит Хамзаұлы.** Шыңғысхан - моңғол және түрік этностарын біріктіруші: монография / Уахит Хамзаұлы Шәлекенов-Баласағұни ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2014. - 301, [3] б.
8. **Шәлекенов, Уахит.** Ғылыми еңбектер : 3 томдық / ҚР Мәдениет және спорт м-гі. - Алматы : Жібек жолы, 2015.
9. **Шәлекенов-Баласағұни, Уахит Хамзаұлы.** Чингисхан - властитель Востока, объединивший монгольские и тюркские этносы : монография / [пер. с каз. Б. Жумалиева] ; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 243 с.
10. **Шәлекенов, Уахит Хамзаұлы.** Ежелден түріктер отырықшы: [моногр.] / У. Х. Шәлекенов, М. У. Шәлекенов ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. - 271 б. : сур.
11. **Шәлекенов, Уахит Хамзаұлы.** Орта Азиядағы мемлекеттер : [монография] / У. Х. Шәлекенов, М. У. Шәлекенов ; шығ. ред. А. Шуриева ; Әл-Фараби атын ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. - 381, [1] б. - Библиогр.: 374-379 б.

Ғылыми ізденістер жеңісі



- Шәлекенов, Уахит. *Ғылыми еңбектер: үш томдық / У. Х. Шәлекенов - Алматы: Жібек жолы, 2015, мәтіні қазақ, орыс тілдерінде*
- Кітапта кешенді деректердің, соның ішінде жаңадан қол жеткен құнды археологиялық жәдігерлердің негізінде ертедегі ортағасырлық тарихи қала - Баласағұнның орналасқан жері нақтыланған, оның саяси, экономикалық және рухани мәдениеттің ірі орталығы болғаны баяндалған.
- Ғалымның арийлердің шығу тегі Орта Азия екендігін дәлелдейтін деректер келтіре отырып, табиғи-жағрапиялық өрбіген орталығы, мәдениеті, археологиялық ескерткіштері, наным-сенімдері, діни ұстанымдары кеңінен талданып, зерттелген еңбегі ұсынылып отыр.
- Орталық Азияны мекендеген этностарды біріктірудегі Шыңғыс ханның орны, сондай-ақ моңғол-түрік этностарын біріктірудегі, іргесі берік мемлекет құрудағы қызметі баяндалған.

Рухани мұралар



- **Шәлекенов, Уахит**

Құм басқан қала: монография / У. Х. Шәлекенов. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1992. - 118,[1] б.

- Заманымыздың V ғасырында қазақ жерінде іргесі қаланып, жүздеген жыл бойы гүлденіп, 13-ғасырда жау шапқыншылығынан қираған қала - Баласағұн туралы
- Ғалым У. Шәлекеновтың бұл еңбегі ертеде өмір сүрген ортағасырлық Баласағұн қаласының орнын зерттеуге арналған. Ғалымдар арасында Ақтөбе деген атпен белгілі Шу өңіріндегі құм басқан қалада көп жылдан бері археологиялық қазба жұмысына басшылық етіп келе жатқан автор Ақтөбенің Баласағұн екеніне ғылыми тұрғыдан пікір айтады.

- **Шәлекенов-Баласағұни, У Х.**

Город Баласагун в V-XIII веках/У. Х. Шәлекенов-Баласағұни; Пер.с каз. Б.К. Жумалиевой; МОН РК, КазНУ им. Абу Насыра аль-Фараби, Ин-т археологии РК им.А.Х.Маргулана. - Алматы: Жибек жолы, 2009. – 272 с.

- В книге на основе комплексных сведений, в том числе недавно обнаруженных ценных археологических находок, локализуется место расположения древнего средневекового города Баласагуна, а также рассказывается о том, что он был крупным политическим, экономическим, духовным и культурным центром. Благодаря этим данным раскрыта загадка местонахождения Баласагуна, волновавшая ученых на протяжении шести столетий.

Назарларыңызға рахмет!

Ғалым У.Х.Шәлекеновтің
еңбектерімен әл-Фараби атындағы
кітапхана сайтында

<http://elib.kaznu.kz/> таныса аласыздар.

